**№53 «Ер-Асыл» » бөбекжай балабақшасы**
**кіші «Лалагүл» тобы**

# Қорытынды сабақ

Тақырыбы: «Түстер әлемі»





Тәрбиешілер:Абдираева Н
Есенбаева М


**2020-2021ж**

# Түстер әлемі

Білім беру саласы: «Таным»
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сенсорика, Құрастыру
Тақырыбы: «Түстер әлемі»
Мақсаты:
Сөздік жұмыс: түстер
Билингвальды сыңары: қызыл - красный, сары - желтый, жасыл - зеленый.
Заттық дамыту ортасы: қыстырғыштар, түрлі - түсті қақпақтар, дидактикалық материалдар.
Мотивациялық қозғаушылық:
Шаттық шеңбері
Табиғат біздің анамыз,
Табиғатқа баламыз.
Иіліп сәлем береміз,
Біз әдепті баламыз.
Ұйымдастырушылық - ізденістік:
- Балалар, мұнда бір қорапша тұр екен, оның ішінде не бар екен, қанекей ашып көрейікші. (қорапшаны ашу, ішінен түрлі - түсті шарлар шығады)
- Ой балалар, мұнда түрлі - түсті шарлар бар екен, қанекей шарлардың түстерін атап жіберейікші. (балалар шарардың түстерін атайды)
- Жарайсыңдар, балалар бізді бүгін осы түстер әлемі қонаққа шақырыпты, түстер әлеміне барғыларың келеді ме?
- Иә.
- Олай болса, көзімізді жұмып, сиқырлы сөздерімізді айтайық:
Бір, екі, үш,
Түстер әлеміне түс!
Музыка әуенімен Еркетай қыз кіреді.
- Сәлеметсіңдер ме, балалар, түстер әлеміне қош келдіңдер. Мен түстер әлемінің Еркетайымын. Мен сендерге әр түске байланысты тапсырмалар дайындадым. Егер сол тапсырмаларды дұрыс орындасаңдар, сендеге сыйлық дайындап қойдым.
- Балалар, Еркетайдың тапсырмаларын орындаймыз ба?
- Иә.
1 тапсырма. Сары түс.
Жұмбақ
Ақ сандығым ашылды,
Ішінен жібек шашылды.
(Күн)
Ойын тапсырма: «Күннің шуақтары»
Шарты: қыстырғыштармен күнге шуақтарын жасау.
- Жарайсыңдар, балалар сендер сары түстің тапсырмасын орындадыңдар.

2 тапсырма Қызыл түс
Ойын тапсырма: «Көйлектер»
Шарты: қақпақтарды көйлек түстеріне қарай орналастырады.
- Балалар, мұнда біз Еркетай қыздың көйлегін сәндеп берейік.
Сергіту жаттығуы
3 тапсырма. Жасыл түс
Ойын тапсырма: «Ойлан да, тап»
Шарты: суретте бейнеленген жануарлардың бейнелерін тауып орналастыру.
- Балалар, бізге Еркетай қыз өзінің қуыршақтарын киіндіруге көмек сұрап тұр, көмектесеміз бе?
- Иә.
Дидактикалық ойын: «Қуыршақты киіндір»
Шарты: түймелеу, бау байлау, сыдыртпа тарту арқылы қуыршақты киіндіру.
- Жарайсыңдар балалар, сендер менің тапсырмаларымның барлығын дұрыс орындадыңдар. Енді мен өзімнің сендерге дайындаған сыйлығымды берейін, алдымен сендер көздеріңді жұмып үшке дейін санаңдар.
Балалар 1ден 3ке дейін санайды.
Еркетай сыйлығын береді.
- Балалар, біздің балабақшамызға қайтатын уақытымыз болды. Еркетай қызбен қоштасайық.
Сиқырлы сөздерді айтып балабақшаға оралу.
Сұрақ - жауап арқылы оқу қызметін қорытындылау.
Балаларды мақтап, мадақтау.






Шымкент қаласы №53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы

# ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАР

Тәрбиеші: Абдираева Н.Л.

2020-2021 оқу жылы

Білім облысы.Қатынас.

Білім бөлімі.Сөйлеуді дамыту.

Тақырыбы.Ормандағы  аңдар.

Мақсаты.  Балаларды ормандағы аңдармен таныстыру.аңдар туралы түсінік беру,тақпақ мазмұнымен таныстыру.Аюдың ерекшелігімен таныстыру.

Жалпы жануарлар жайлы түсінік беру. Ой өрісін,сөздік қорын,қиялын дамыту.

Көрнекілік, суреттер.

Әдіс тәсілі,түсіндіру,сұрақ жауап.

Шаттық шеңбері.

Табиғат біздің анамыз,

Табиғатқа баламыз,

Иіліп сәлем береміз,

Біз әдепті баламыз.

Балалар ,мына суретке қарайықшы.қазір жылдың қай мезгілі.Қысқы  ауа райында қандай өзгерістер болады.балалардың жауабы.

Балалар кезегімен суреттерге қарап, ненеің суреті екенін айтады.

Суреттегі аңдарға арналған тақпағымызды айтайық.

Тауға шықсаң қалың қар,

Сайға түссең қалың қар.

Шырша үсті қалың қар,

Байқаңдар ,қар астында

Ұйықтап жатқан аю бар.

Аю апанына жатты ,

Аюдың ұйқысы қатты.

Балалар аю ұйықтап қалыпты.

Аюдың ұйқысын бұзбайық.

Түлкі.

Түлкі деген қу ғой,
Жүрген жері шу ғой.
Жатып алып жағада,
Іздегені ду ғой. Айсұлу.

Қоян.

Ақ қоян ау ақ қоян,
Үркек қоян,сақ қоян.
Қаша берсең орманға
Қорқағым деп ат қоям. Бекнұр.

Қасқыр.

Қасқыр орманда жортады,
Аяздан ол қорқады.
Аспанға қарап ұлиды,
Ауыл малын ториды. Нартай.

Балалар аңдар қайда мекендейді екен.орманда.

Аюдан басқа аңдардың бәрі қыста өз тіршілігін жасайды екен.

Сергіту сәті.

Ұзын құлақ сұр қоян,
Естіп қалып сыбдырды .
Ойлы қырлы жерлермен ,

Ытқып ытқып секірді.

Жарайсыңдар балалар.

Балармен тақпақ мазмұны бойыншасұрақ жауап жүргізу.

Балалар бүгін біз қандай аңдармен таныстық .

Дұрыс айтасыңдар.





